

**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылға 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. М ы н а л а р д ы ң :

359-қосымшаға сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

N        1 2 3 5                      қ а у л ы с ы н а

359-ҚОСЫМША

**406 - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6                      ж ы л ғ а                      а р н а л ғ а н

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 205868 мың теңге (екі жүз бес миллион сегіз жүз алпыс сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы " 2002 жылғы 5 тамыздағы N 917 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының, Қазақстан Республикасының шегінде

қызметтік іс сапары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** Республикалық бюджеттің атқарылуына сырттай бақылауды жүзеге асыру: Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру, олардың атқарылуын бағалау, есеп пен есептілікті жүргізу, гранттарға, мемлекеттік активтерге, мемлекет кепілдік берген займдарға байланысты бюджеттік қаражаттарын пайдалану; республикалық бюджеттің мақсатсыз , негізсіз және тиімсіз атқарылуына жол бермеуді анықтау жөнінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және басқа да нормативтік құқықтық актілерге с ә й к е с ш а р л а р қ а б ы л д а у .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** республикалық бюджет қаражаттарының, мемлекет кепілдік займдардың, байланысты гранттарына, активтеріне, республикалық бюджеттен мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге берілген қаражаттардың мақсатты және тиімді пайдалануын, республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен дер кезділігін, сондай-ақ республикалық бюджеттен түскен сомалардың бюджеттік заңнаманың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қайтарылуын бақылау; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары .**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын-даушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген штат саны лимитінің шегінде республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті орталық аппаратын ұстау. Бақылау	ж ы л бойы	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау

			және талдау іс шараларын, мемлекеттік қаржы бақылау мәселелері бойынша семинар-кеңестер өткізу және лекторлардың еңбегіне ақы төлеу. Шаруашылық тауарлары мен шығыс материалдарын, кеңсе керек жарағын сатып алу. Есеп комитеті үшін бланкы өнімін дайындау. Есеп комитетінің отырыстарын өткізу. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі Есеп комитетінің есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Автокөлікті және оргтехникаларды ұстау. Байланыс қызметтерін орнату, қосу және сатып алу. Жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін сатып алу. Нормативтік құқықтық актілер, стандарттар, ережелер әзірлеу. Есеп комитетінің Бюллетені мен журналын, әдістемелік ұсынымдар шығару. Бақылау жүргізу үшін аудиторлық ұйымдардың мамандары мен т а у е л с і з сарапшыларды тарту.		жөніндегі е с е п комитеті
3	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілердің "Халықаралық стандарттар мен қаржылық есептілік аудиті тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу. Оқу мерзімі 3-4 тоқсан. Мемлекеттік тілді үйрету. Оқу мерзімі 2 тоқсан.	2 - 4 тоқсан	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі е с е п комитеті
4	009	Мемлекеттік органдардың материалдық-техни-	8 жұмыс орынын қамтамасыз ету үшін офистік жиһаз сатып алу.	3 - 4 тоқсан	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау

			калық жарақ- тандыру		жөніндегі есеп комитеті	
5		017	Ақпарат- тық жү- йелердің жұмыс істеуін қамтама- сыз ету және мемле- кеттік орган- дарды ақпарат- тық-тех- никалық қамтама- сыз ету	Ақпараттық жүйелер мен локальдық міндеттерді, есептеу техникалары мен жүйелер құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді сүйемелдеу. Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері, шығыстық және жинақтаушы материалдар, қосалқы бөлшектер сатып алу. Есептеу техникалары мен лицензиялық бағдарламалық өнімдер сатып алу.	жыл бойы	Респу- бликалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** тікелей нәтиже:

- бекітілген штат саны лимитінің 70 адам шегінде аппаратты ұстауды қамтамасыз ету.
  - республикалық бюджетке түскен түсімдердің толықтығы мен дер кезділігін, сондай-ақ республикалық бюджеттен түскен сомалардың бюджеттік заңнаманың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қайтарылуын, бюджет қаражаттарының, мемлекет кепілдік берген займдардың, байланысты гранттарына, активтеріне, республикалық бюджеттен мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге берілген қаражаттардың мақсатты және тиімді пайдаланылуына 41 бақылаулық және сараптамалық іс-шаралар жүргізу.
  - халықаралық ұйымдармен және жоғары мемлекеттік қаржы бақылаудың шетелдік органдарымен өзара пайдалы ынтымақтастықты жалғастыру, өз өкілеттіктерін іс-жүзеге асыруда оң ұсынымдарды пайдалану.
  - республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің тоқсандық бюллетенін таралымы 200 данамен шығару, жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Парламентке, Үкіметке, басқа да орталық мемлекеттік органдарға және облыстар мен Астана және Алматы қалалары мәслихаттарының тексеру комиссияларына жіберіледі.
  - компьютерлік техникамен 77%-ға қамтамасыз ету және офистік жиһазбен 100%-ға ж а р а қ т а н д ы р у .
  - 20 адамның кәсіби деңгейін арттыру, 30 адамды мемлекеттік тілге үйрету.
- т ү п к і л і к т і н ә т и ж е :**
- республикалық бюджетті атқару кезінде бюджеттік заңнаманың және басқа құқықтық нормативтік актілердің бұзылуын анықтау.
  - республикалық бюджетті атқару кезінде жол берілген бұрмалаушылықтарды жоюды

бақылауды жүзеге асыру.

- республикалық бюджеттің атқарылу мәселесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде, сондай-ақ жол берілген бұрмалаушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы ұсыныстар әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне, орталық мемлекеттік органдарға жіберу.

- өзінің мазмұны жөнінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебінің қорытындысы болып табылатын аяқталған қаржы жылының республикалық бюджетінің атқарылуы туралы есебін Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну және оны Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау.

- беделін арттыру және жоғарғы қаржы бақылау органдарының дүниежүзілік жүйесінде лайықты орын алу.

- мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін 46,1%-ға арттырудағы, мемлекеттік қызметшілердің 53,9%-н мемлекеттік тілге үйретудегі қажеттілікті қамтамасыз ету.

қаржы экономикалық тиімділік:

- Есеп комитетінің бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға жұмсалатын шығындары - 2 8 3 3 , 0 мың теңге ;

- Есеп комитетінің штаттан тыс бір қызметкерін ұстауға жұмсалатын шығындары - 4 6 3 , 5 мың теңге ;

- Есеп комитетінің бір мемлекеттік қызметшісінің біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығындары - 24,55 мың теңге ;

- Есеп комитетінің бір мемлекеттік қызметшісін мемлекеттік тілге үйретуге жұмсалатын орташа шығыны - 19,16 мың теңге ;

- бақылау объектісіне аудитор ұйымдарының мамандарын тарту жөніндегі орташа шығын - 4 0 0 0 , 0 мың теңге ;

- бюллетеннің бір нөмерін шығаруға жұмсалатын орташа шығын 220,0 мың теңге. дер кезділігі :

- жоспарланған бақылау және талдау іс-шараларын белгіленген мерзімде орындау.

- бақылау және талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша Есеп комитетінің қаулысын қабылдау немесе оны белгіленген мерзімде ұсыну ;

- Есеп комитетінің республикалық бюджетті атқару жөніндегі бюллетенін тоқсан сайын шығару ;

- жасалған шарттарға сәйкес жыл бойы оқу.

сапасы :

- қаржылық бақылау объектілерінің жауапкершілігі мен қаржылық тәртіптіліктің деңгейін және бюджет заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылауды арттыру ;

- қаржылық бақылау объектілерінің жол берілген бұрмалаушылықтар мен кемшіліктерді жоюы, сондай-ақ оның қайталануына жол бермеу ;

- есепке алу мен есептілікті, сондай-ақ бюджеттік рәсімдерді жүргізуді жетілдіру;
- мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай, осы заманғы экономикалық шарттарға сәйкес арттыру; мемлекеттік тілге үйрету курсынан өткеннен кейін іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшкен мемлекеттік қызметшілердің үлесі 3%; біліктілікті көтеру курсынан өткеннен кейін жоғары тұрған лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесі 5%.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ